

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің объектілерінде 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу кезіндегі Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2021 жылғы 28 маусымдағы № 131 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № 398 бірлескен бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 1049 қаулысымен бекітілген Ұлттық санақтарды жүргізу қағидасы мен мерзімдерінің 7-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 419 қаулысымен бекітілген 2021 жылды Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нк бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағының 51) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің объектілерінде 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу кезіндегі Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен өзара іс-қимыл тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бірлескен бұйрықты қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты орындау үшін олардың қатыстылығы бөлігінде лауазымды адамдарға жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау қызметтің тиісті бағытына жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасарына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық тараптардың соңғысы қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросының  
басшысы

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі

\_\_\_\_\_ *H. Айдапкелов*

\_\_\_\_\_ *E. Тұрғымбаев*

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика  
бюросы басшысының  
2021 жылғы "28" маусымдағы  
№ 131 және  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2021 жылғы "09" шілдедегі  
№ 398 бірлескен бұйрығымен  
бекітілді

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің обьектілерінде 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу кезіндегі Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен өзара іс-қимыл тәртібі**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. "2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 419 қаулысымен Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын (бұдан әрі – халық санағы) өткізу мерзімдері, сондай-ақ 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілді.

2. Халық санағын өткізу кезіндегі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 9 ақпандағы № 27-р өкімімен 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын дайындау мен өткізуге байланысты ұйымдастырушылық және нұсқаушылық мәселелерді шешуге арналған арнайы комиссияға жүктелген, оның құрамына Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары енгізілген.

3. Жоспарға, сондай-ақ "2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге арналған санақ параптерын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті тәрағасының 2019 жылғы 7 қазандары № 11 бүйрығына (бұдан әрі – бүйрық) сәйкес халық санағына үй шаруашылығының құрамына кіретін, елімізде тұрақты тұратын барлық респонденттер ( Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар), соның ішінде әскери қызметшілер (олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда); бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан және тергеу изоляторларында отырған адамдар және уақытша жоқ адамдарды және уақытша тұратындарды және (немесе) келгендерді қоса алғанда, әскери бөлімдердің және жабық әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында тұратын азаматтық тұрғындар (бұдан әрі – респондент) жатады.

Халық санағын өткізу кезінде халықты есепке алу Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 2021 жылғы 31 тамыздан 1 қыркүйекке қараған 00:00 сағат сәтіндегі жағдай бойынша жүзеге асырылады.

Халық санағы:

1) 2021 жылғы 1 қыркүйектен 15 қазан аралығында сайтында интернет желісі арқылы "www.sanaq.gov.kz" сайтында онлайн режимде респонденттердің санақ параптерын электрондық түрде толтыруы;

2) 2021 жылғы 1-30 қазан аралығында планшетті пайдаланумен интервьюердің респондентке сауал салуы арқылы санақ параптерын толтыруы арқылы жүргізіледі.

## **2-тaraу. ҚР ПМ объектілерінде халық санағын ұйымдастыру**

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелері мен оның ведомстволарында (бұдан әрі – ҚР ПМ объектілері) халық санағын ұйымдастыру және өткізу мақсатында барлық құрылымдық бөлімшелер бойынша ұйымдастыру іс-шаралары өткізіледі.

5. Халық санағын өткізудің толықтығы мен сапасын бақылау ҚР ПМ объектілерінің қолбасшыларына, командирлеріне, бастықтарына жүктеледі.

6. ҚР ПМ-де мыналар құрылады:

1) Халық санағына дайындық және өткізумен байланысты ұйымдастырушылық және нұсқаушылық мәселелерді шешетін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің объектілерінде 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуді үйлестіру және жәрдемдесу жөніндегі орталық комиссия (бұдан әрі – Орталық комиссия). Орталық комиссияның құрамы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлінің бүйрығымен бекітіледі;

Орталық комиссия Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросымен (бұдан әрі – Бюро) өзара

іс-қимылды, ҚР ПМ объектілерінде жаппай-тұсіндіру жұмыстарын жүргізу кезінде Бюроға көмек көрсетуді, халық санағын өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

2) Халық санағын ұйымдастыру және өткізу үшін Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер мен оның ведомстволарында құрылған 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Халық санағы бойынша комиссия). Халық санағы бойынша комиссияның құрамы ҚР ПМ-нің объектілері командирлерінің, бастықтарының бүйрығымен бекітіледі.

Халық санағы бойынша комиссия Бюроның аумақтық бөлімшелерімен (бұдан әрі – Департаменттер) өзара іс-қимылды, жаппай-тұсіндіру жұмыстарын жүргізу кезінде жәрдемдесуді, Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардиясының өнірлік қолбасшылықтарында, құрамаларында, әскери бөлімшелерінде және әскери оқу орындарында, білім беру ұйымдарында, арнайы мекемелерде, сондай-ақ Ишкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелерінде халық санағын ұйымдастыру және өткізу бойынша күнтізбелік жұмыс жоспарларын құруды, жауапты қызметкерлерді іріктеу және оқытуды, 2021 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде аумақтық белгісі бойынша мекенжайларды, шекараларды көрсете отырып, контингенттер орналасқан объектілер тізбесін құру және нақтылауды жүзеге асырады.

### **3-тaraу. ҚР ПМ объектілерінде халық санағын өткізу тәртібі 1-бөлім. Жауапты қызметкерлер**

7. ҚР ПМ объектілерінде ҚР ПМ қызметкерлері немесе әскери қызметшілері санынан жауапты қызметкерлердің көмегімен жүргізіледі.

Жауапты қызметкерлер халық санағын өткізуге қатысты барлық мәселелер бойынша Департаменттер өткіzetін оқыту семинарларында оқытудан өтеді.

8. ҚР ПМ объектілерінде жауапты қызметкерлер үй-жайлармен және Интернетке шығатын компьютерлермен қамтамасыз етіледі.

### **2-бөлім. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және санақ құралы**

9. Департаменттер жауапты қызметкерлерге 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге арналған электронды санақ параптерымен (бұдан әрі – санақ параптары) бірге халық санағы аяқталған соң Департаментке қайтарылатын соққыға төзімді қорғайтын қабы, алдын ала орнатылған қауіпсіздік әйнегі, зарядтау құрылғысы, USB шнуры, стилусы, портативтік құрылғысы бар жиынтықтағы (Powerbank USB шнурымен жиынтықта) планшеттерді (бұдан әрі – планшеттер) қабылдау-тапсыру актісі бойынша береді. Сондай-ақ халық санағын өткізуге қажетті қағаз жеткізгіштегі санақ құралы (бұдан әрі – санақ құралы) беріледі:

- 1) 2021 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу кезінде санақ персоналына арналған санақ параптерын толтыру жөніндегі түсіндірме;
- 2) халық санағынан өту туралы анықтама беріледі.

### **3-бөлім. Санақтан өтуге жататын халықтың санаттары**

10. ҚР ПМ объектілерінде санақтан өтуге мынадай халықтың санаттары жатады:

- 1) мерзімді қызмет сарбаздары, сержанттары;
- 2) арнайы немесе әскери білімі жоқ, білім беру ұйымдарының тыңдаушылары;
- 3) рұқсаты шектелген, ҚР ПМ объектілерінің аумағында тұратын офицерлер, әскери қызметшілер және келісімшарт бойынша істейтін қызметшілер;
- 4) рұқсаты шектелген, ҚР ПМ объектілерінің аумағында тұратын азаматтық тұрғындар;
- 5) әскери оқыту орындарының тәрбиеленушілері, ұландары, кадеттер және курсанттар;
- 6) арнаулы мекемелердегі адамдар;
- 7) сотталғандар және санақ күні ҚР ПМ объектілерінде тергеумен қамалған адамдар ;
- 8) ҚР ПМ объектілері жанындағы балалар үйіндегі сотталған әйелдердің балалары;
- 9) медициналық мекемелерде, демалыс үйлерінде және санаторийлерде стационарлық емделуде жүрген адамдар.

11. Қазақстан Республикасының жабық аумағынан тыс тұратын келісімшарт бойынша әскери қызметшілер мен келісімшарт бойынша қызметшілерді тұрақты тұрғылықты жері бойынша азаматтық тұрғындар ретінде Департаменттердің санақ персоналды өздерінің отбасылары құрамында санақтан өткізеді.

12. Қарулы Күштер бөлімшелерінде атқаратын лауазымдарынан босатусыз демалыста және шетелдік іссапарларда жүрген әскери қызметшілер жеке істері және басқа да есепке алу деректері бойынша тұрақты қызмет ететін орны бойынша санақтан өтеді.

13. Офицерлер, келісімшарт бойынша жұмыс істейтін әскери қызметшілер, олардың отбасы мүшелері мен әскери госпитальдарда ем қабылдаудағы басқа да азаматтық тұлғалар (егер олардың келгеніне 1 жылдан аспаса) уақытша тұратындар ретінде санақтан өткізіледі.

14. ҚР ПМ объектілері аумағында тұратын, запасқа босатылған, бірақ санақ күні ҚР ПМ объектілерінен шықпаған әскери қызметшілерді ҚР ПМ-нің жауапты қызметкерлері тұрақты тұратын азаматтық тұрғындар санында санақтан өткізеді.

15. ҚР ПМ объектілеріндегі алмастыруыш құрам тұрғылықты жері бойынша (казарма, жатақхана және басқалары) санақтан өтеді. Ортақ тұрғын үй алаптарында тұрған жағдайда алмастыруыш құрамды Департаменттердің санақ персоналды санақтан өткізеді.

16. 12 айдан аспайтын оқыту мерзімімен курстарда немесе жиындарда оқып жатқан, басқа әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағында тұрақты тұрғылықты жері бар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің өскери қызметшілері уақытша тұратындар ретінде санақтан өткізіледі.

17. 12 айдан асатын оқыту мерзімімен курстарда оқып жүргендегер тұрақты тұрғылықты жерінде болмау ұзақтығына қарамастан ҚР ПМ объектісінде тұрақты халық ретінде санақтан өтеді.

18. ҚР ПМ объектілерінде тұратын азаматтық тұрғындарды тұрғылықты жері бойынша 2021 жылды Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу кезінде санақ персоналына арналған санақ параптерын толтыру жөніндегі түсіндірмелерге сәйкес санақтан өткізеді.

## **5-бөлім. Халық санағын өткізу кезеңдері**

19. ҚР ПМ объектілеріндегі халық санағы 2 кезеңге бөлінеді:

1) бірінші кезеңде халық санағына жататын респонденттердің тізімі 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жасалады және Департаментке беріледі.

2) екінші кезеңде халық санағынан өтуге жататын респонденттерге сауал салу және бірінші кезеңде жасалған тізімдерге сәйкес электрондық санақ параптерын планшеттерде немесе интернет желісі арқылы онлайн режимде "[www.sanaq.gov.kz](http://www.sanaq.gov.kz)" сайтында толтыру өткізіледі.

Респондентке сауал салу мүмкіндігі болмаған жағдайда жауапты қызметкерлер санақ параптерын толтыру үшін кадр қызметінен мәліметтер алады.

Интернет желісі арқылы онлайн режимде санақтан өту кезінде санақтан өтуге жататын респонденттер "[www.sanaq.gov.kz](http://www.sanaq.gov.kz)" сайтында өз бетінше немесе жауапты қызметкерлердің көмегімен тіркеуден өтеді. Тіркеуден және авторизациялаудан сәтті өткеннен кейін электронды санақ параптары толтырылады. Толтырылған санақ параптары автоматты түрде Халық санағы деректерінің базасына түседі.

Планшетте VPN-каналы бар болған жағдайда алынған деректер деректерді жөнелту туралы белгісімен (сақтау күні мен уақыты) Халық санағы деректерінің базасына бөлінген қорғалған байланыс арнасы бойынша жіберіледі.

Қашықтыққа немесе жергілікті жерлерде ұялы байланыс желісінің қолжетімділік нүктelerінің болмауына байланысты алынған деректерді планшеттен жүктеуге мүмкіндік болмаған жағдайда, деректер USB шнуры арқылы Департамент қызметкерінің электронды жеткізгішіне жүктеледі.

20. "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 21-бабы 4-тармағына сәйкес ұлттық санақтар барысында алынған мәліметтер алғашқы статистикалық деректерге жатады және олар жеке немесе заңды тұлғаға мүліктік және моральдық зиян келтіру, олардың құқықтары мен бостандықтарының іске асырылуын қынданату мақсатында пайдаланылмаға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК